

Н. Башенов, 4-курс
Ғылыми жетекшісі: Т. Н. Сүлейменов, ҚААТ кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

СОТҚА ДЕЙІНГІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ІС ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2009 жылдың 3 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті «Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібі бойынша қылмыстық және қылмыстық істер жүргізу кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойып, бұл 2010 жылдың 12 қаңтарында заңды күшіне енді.

Аталған заң негізінде Қылмыстық іс жүргізу кодексі сотқа дейінгі іс жүргізу тәртібінің негізін реттейтін 23-1-тараумен (сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу) толықтырылды. 2011 жылдың 18 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті «Қылмыстық заңнама және қылмыстық іс жүргізудегі заңдылықты нығайту мәселелері бойынша ҚР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Аталған заңға сәйкес, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібі бойынша сотқа аса ауыр санаттағы қылмыстардан басқа барлық санаттағы қылмыстар жіберілуге жататыны белгіленді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 23-1-тарауында сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің негіздері (190-1-бап), тәртібі (190-2-бап), хаттамасын жасау және қылмыстық істі прокурорға беру (190-3-бап), прокурордың келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеттері (190-4-бап) көзделген¹.

Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу — бұл анықтау органдарының, анықтаушы және тергеушінің қылмыстық істер жүргізу кодексінде белгіленген өз құзыры шегінде онша ауыр емес, ауырлығы орташа, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің процессуалдық нысаны.

Егер де жиналған дәлелдемелермен жасалған қылмыс фактісі немесе оны жасаған тұлға анықталып, ол өз кінәсін мойындаса және жиналған дәлелдемелермен, келтірілген шығынның мөлшері және сипатымен келіссе, онда қылмыстық кодекстің 23-1-тарауының, яғни «сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу» тәртібімен іс сотқа жолданады.

Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібін қолдана отырып, ҚР ҚІЖК-нің аталған тарауын зерделей отырып қылмыстық ізге түсу органы келесі мән-жайларды еске алуға тиіс:

- арыз берушінің болуы;
- қылмыс жасаған адамның қылмыс жасағанын көрген адамдардың анықталуы;
- айғақ заттардың анықталуы және алынуы;
- қылмыс жасаған адамның өзін жасаған қылмысы бойынша кінәсін мойындауы, дәлелдемелерді дауламауы, арыз беруші мен көрген адамдардың көрсетімдерін бекітуі, қылмыспен келтірілген зиян мен мөлшеріне келісуі.

Сонымен қатар, ҚР ҚІЖК-нің 190-1-бабына сәйкес қылмыс жасаған адамның сотқа дейінгі іс жүргізу тәртібіне келісімі міндетті емес.

Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібі келесідей жағдайларда қолданылмайды:

- бірнеше қылмыстың жиынтығы бойынша, егер де сол қылмыстардың біреуі аса ауыр қылмыс санатына жататын болса;
- жасы кәмелетке толмаған және психикалық немесе денсаулық күйі нашар тұлғаларға қатысты;
- сот ісі өндірісі тілін білмейтін тұлғаларға қатысты;
- қылмысқа қатысушы тұлғалардың біреуінің өз кінәсін мойнына алмаған жағдайда;
- істің мән-жайы бойынша жан-жақтылық пен толықтылық қамтамасыз етілмеген жағдайда;
- ұстау немесе бұлтартпау шарасын қолдану қажеттілігі туған жағдайда;
- сот-медициналық, сот-психиатриялық және де басқа да күрделі сараптамалар, сондай-ақ тергеу әрекеттерін өткізу қажеттілігі туған жағдайда.

Сотқа дейінгі жеңілдетілген өндірістің тиімді жақтары:

- онша ауыр емес, ауырлығы орта және ауыр дәрежедегі қылмыстар бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің уақыты мен көлемінің үнемділігі;
- қылмыстық істің сотта қаралу уақытының жылдамдығы;
- бір хаттамада: қылмыстық істі қозғау, айыпталушы ретінде жауапқа тарту, айыптау қорытындысы мен іс материалдарымен танысу әрекеттерінің шоғырландырылуы;
- қылмыс туралы хабарлама немесе арыз тіркелгеннен соң істің 10 күн мерзім ішінде хаттамамен прокурорға жолдануы;
- іске қатысушы тұлғалардың тізімінің азайтылуы және олардың уақытының үнемделуі;
- қысқа мерзім ішінде азаматтардың сотқа қатысу құқығының іске асырылуы;
- қылмыстық істің сотта қысқартылған тәртіппен талқылануы;
- құқық қорғау органдарының ауыр және ерекше ауыр қылмыстармен күресу және тергеу мүмкіндігі артуы.

Қорыта келгенде, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу болып, анықтау органдарының, анықтаушы және тергеушінің Қазақстан Республикасының қылмыстық істер жүргізу кодексінде белгіленген өз құзыры шегінде онша ауыр емес, ауырлығы орташа, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің процессуалдық нысаны деген пікірдеміз.

¹ Қазақстан Республикасының ҚДЖК (соңғы толықтырулары мен өзгертулер. 2014. 17 қаңтар).